

Өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылатын, Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды жөндеу бойынша, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 47 бұйрығы
ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 525-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын, Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды жөндеу бойынша, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, көрсетілетін қызметтер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 27 қаңтардағы
№ 47 бұйрығымен
бекітілген

Өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын, Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің

аумағынан әкелінген тауарды жөндеу бойынша, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, көрсетілетін қызметтер тізбесі

Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі - ЕАЭО) мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды жөндеу бойынша, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, көрсетілетін қызметтер тізбесі мынадай:

1) Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген әуе көлік құралын, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, жөндеу бойынша;

2) Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген темір жол көлік құралын, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, жөндеу бойынша;

3) Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген ішкі су көлік құралын, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, жөндеу бойынша;

4) Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген теңіз көлік құралын, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, жөндеу бойынша;

5) Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген өздігінен қозғалатын суасты снарядтарын (торпедаларын) және кеме гидравликасының жабдықтарын (бұйымдарын) құралын, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда, жөндеу бойынша қызмет түрлерін де қамтиды.